ірттырып, осы са-
ізгі ойыншылар-
иялық серіктестік
иүмкіндік береді.
Малайзия, Индо-
ігапур, Вьетнам
нд елдерінің нары-
у жоспарланып

xу Capital» ком-
ің қомақты инвес-
ың қолдауымен
тын мүлікті жал-
қарапайым әрі
дерісі арқылы
иірін жақсартуды
амыз. Осы рет-
ғожин мен Жан
в секілді серік-
ризашылығымды
. Қор мен оның
шылары иннова-
баларды қолдап,
абысқа жетуіне
е бай тәжірибеге
ивестиция біздің
і күшейтіп, өнімді
иен командамыз-
ға жәрдемдеседі.
ipital»-мен бірлесе
жұмысымыз жаңа
ағындыруға және
ілетін жылжы-
үлік ландшафын
кол ашады», дей-
X» стартапының
аушы Қанат Кел-

X» – жалға бері-
ті қашықтан бас-
алған платформа
ильді қосымша.
лық стартап мен-
мен жалға алу-
ін «SaaS» ше-
нады. «ApartX»
ылар мен меншік
айланыстырып,
тын мүлікті жалға
иовациялық шеші-
еді. Оның мүлікті
дегі бірегей тәсілі
інде көпшіліктің
дарып, пайдалану-
оң бағасына ие



# Өскемендегі IT хаб

**Мынау әлемдегі цифрлық дүниенің дамуында тоқтау жоқ. Жыл сайын емес, күн сайын қарыштап барады. Бұл көшке кідіріссіз ілесу үшін техника тілін меңгерген мамандар даярлап, білімдерін ұштап, бағыт-бағдар беріп отыруымыз қажет. Сондықтан да шығар, Өскеменде кәсіби IT жобалармен айналысатын студенттерді қолдау үшін IT хаб ашылды.**

**Мерей ҚАЙНАРҰЛЫ,**
«Egemen Qazaqstan»

Аймақтық IT хаб орталығының ашылу салтанатына Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин қатысты.

«Смарт сити» жобалары бойынша Өскемен қалалар арасындағы рейтинг бойынша үшінші орында. Жаман көрсеткіш емес. Ашылған IT хаб тек қана бастама ретінде жасалып жатыр. Бірақ болашағы зор. Өйткені «Astana Hub» орталығымен бірлесіп ашылды. Бұған университеттер де көмектеседі. Мұның негізгі мақсаты – IT саласындағы жұмыс істеп жүрген мамандарды бір ортаға жинау және ынталандыру, мемлекет тарапынан қолдау көрсету», деді Б.Мусин.

Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі, «Astana Hub» технопаркі, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті арасында үшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Айта кетерлігі, IT хабтың ашылуына облыс әкімдігі үлкен көмек көрсетті. Материалдық-техникалық базамен толықтай қамтамасыз етіп, орын қарастырды. Ал «Astana Hub» тарапынан әдістемелік және үйлестіру жұмыстары бойынша қолдау көрсетілді. Қолға алынған жұмыстың толықтай аяқталуына Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің IT мамандары зор үлес қосты.

Ендігі кезекте IT хаб шеңберінде үлкен жұмыс атқарылуға тиіс. Осы орайда орталықтың белсенділері облыс жастарын IT хабқа шақырады. Әсіресе болашақ IT мамандардың орталықпен үнемі байланыста болғаны абзал.

**ӨСКЕМЕН**

# Интер
# жылд
# Біздің
# көш ба

**Қазақстан Ор**
**экономикалы**
**тернеттің жы**
**бастап тұр. С**
**қорытындысы**
**рейтингінде е**
**72-ші орынға**
**һәм одақтас е**
**ші, Қырғызста**
**Өзбекстан – 1**
**Тәжікстан129**



**Фархат ҚАЙ**
«Egemen Qaza

Finprom.kz мәлі
жылдамдығы бір жы
жылғы сәуірдегі 20,
30,62 Мбит/с дейін
нет жылдамдығы 2
– 25,83 Мбит/с, Ө
тисінше 20,9 Мб
құраған.

Орталық Азияда
2022 жылдың төр
Қазақстан» операт
жүктеудің ең жоға
көрсетті (27,25 М